

Астана қаласы Білім басқармасы
№20 «Арайлым» балабақшасы МКҚК

КЕЛІСІЛДІ:
Астана қаласы әкімінің
«Әділет» орталығы
МКҚК басшысы
 С. Дауешова
« 10 » 2023 ж.



БЕКІТЕМІН:
Астана қаласы әкімдігінің
№20 «Арайлым» б/б МКҚК
менгерушісі
 Л. Шинасилова
« 10 » 2023 ж.



ЭКСПЕРИМЕНТТІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Тақырыбы: «Нейро ойындар арқылы балалардың
танымдық құзыреттіліктерін дамыту»
2023-2026 жылдарға арналған

Астана, 2023 жыл

Эксперименттік білім беру бағдарламасы «БІЛІМ туралы» Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. Заңына (өзгерістермен), «Білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 27.03.2015 ж. № 139 бұйрығына сәйкес әзірленді.

Білім беру бағдарламасы білім беру ұйымының
(педагогикалық) оқу-әдістемелік кеңес отырысында
қаралды және мақұлданды

№ 5 хаттама 30 мамыр, 2023ж

Педагогикалық кеңестің төрағасы (төрайымы) Л.Шинаилова

Ғылыми жетекші: «Пермь мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық университеті» « Білім берудегі және жаратылыстану ғылымдарындағы инновациялық процестер» мамандығы бойынша магистр) Базарбаева Роза Жолаушиевна.



Тақырыптың өзектілігі

Қазіргі кезде балалардың тілдері дамымай сөздердің бұзылысы, танымдық процесстерінің өзгерісі, ойлау қабілетінің төмендеп бара жатқаны белгілі. Осындай мақсатта қоғам дамуының айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі – нейро ойындар. Нейро ойындар дегеніміз – бұл мидың жан-жақты және екі жарты шардың жаттығуына арналған көп бағытты жаттығулар жиынтығы. Бас миыда бұлшық ет ал денедегі бұлшық еттеріңізді қалай физикалық жаттығулар арқылы дамытатын болсақ бас миындағы бұлшық еттің дамыту қажет. Бас миы екі жарты шарға бөлінеді оң жақ және сол жақ. Сол жақ жарты шар логикалық ойлауға және ойлаудың шапшаңдығына, сөйлеу тіліне жауап береді. Сол жақ жарты шарды дамыту үшін күнделікті математикалық жаттығуларды, логикалық құрастырғыштарды, сөзжұмбақ, ребустар сияқты істермен айналысу қажет. Ал, оң жақ жарты шар кеңістікті қабылдауға, шығармашылық қабілетіне жауап береді. Оң жақ жарты шарды дамыту үшін әр түрлі кино фильмдер, саяхаттау, дене шынықтырумен айналысу қажет. Себебі, баланың нейралогиалық жүйесін қалыптастырады, зейінің, қабылдауын, есте сақтау, ақыл-ой қабілетін, дыбыс шығару қабілеттерін және өз денесін шынықтырады, тұлғаның танымдық, қоммуникативтік құзыреттілік және эмоционалды жағдайын реттеуге тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Ең маңызды қазіргі заманғы педагогика мен психологияның көптеген мәселелерін шешуге болады.

Зерттеу объектісі: ортаңғы топ тәрбиеленушілері.

Зерттеу пәні: оқыту-тәрбиелеу процессіндегі ұйымдастырылған іс-әрекет.

Зерттеу мақсаты: Нейро ойындарды қолдану арқылы балалардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту.

Міндеттері:

- Нейро ойындар арқылы балалардың логикалық ойлауын, тілдік-танымдық процесстерін (зейін, қабылдау, ойлау, есте сақтау, қиял, жады) дамыту;
- педагогтер мен ата-аналардың бірлескен жұмысы жағдайында қолайлы орта құру;
- Балабақшада нейро ойындар арқылы күн тәртібіндегі барлық оқыту-тәрбиелеу процессінде мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту бойынша эксперименттік жұмыс жүргізу, зерттеу нәтижелерінің деректерін қорытындылау, тарату.

Болжам: Егер нейро ойындар мен кинезиологиялық жаттығуларды мектеп жасына дейінгі балалармен ең ұтымдыларын қолданса, онда балалардың логикалық ойлауы, танымдық процесстері (зейін, қабылдау, ойлау, есте сақтау, қиял, жады), сөйлеуі, кеңістікті бағдарлау, эмоционалды ерік-күштері дамытылады.

Эксперименттің мерзімі: басталуы: - 2023 ж., аяқталуы – 2026 ж.

Эксперимент кезеңдері

№	Кезеңдер	Іске асу мерзімі	Жұмыстың мазмұны	Күтілетін нәтиже
1.	Тәжірибелік	2023-2024 ж	<p>1.Педагогтермен эксперименттік тақырып аясында әңгімелесу, ақыл кеңес, тақырыптық семинар, дөңгелек үстел ұйымдастыру</p> <p>2. Тақырыптық апталықтар ұйымдастыру «Балабақшада нейро ойындар»</p> <p>3.Ата-аналармен бірлескен іс-шаралар өткізу «Нейро ойындардың маңызы»</p> <p>4. Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану бойынша педагогтердің кәсіби біліктіліктерін шыңдау.</p> <p>5.Материалдық-техникалық базасын және заттық-дамытушылық ортаны толықтыру.</p> <p>6.Эксперименттік және бақылау топтарына мониторинг жүргізу (бастапқы, аралық, қорытынды);</p> <p>7. Тәжірибелік семинар: «Мектепке дейінгі жастағы балалардың нейро ойындар арқылы танымын дамыту»</p>	<p>Нейро ойындар білім беру бойынша педагогтердің теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын көтеру.</p> <p>Педагогтер ата-аналармен тығыз байланыс жасайды.</p> <p>Эксперимент алаңның материалдық базасы нығайтылады.</p> <p>Балалардың білік білім деңгейі анықталады</p> <p>Педагогтердің теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдылары көтеріледі</p>
2.	Жалпылау	2024-2025ж	<p>1.Эксперимент жұмысын жалғастыру негізінде педагогтарға тәжірибелік семинарлар ұйымдастыру.</p> <p>2.Эксперименттік алаң жұмысы бойынша қалалық іс-шараларға қатысу арқылы тәжірибе алмасу, шеберлік сынып өткізу</p>	<p>-жеке және топтық жұмыс әдісі тиімділігі артады;</p> <p>-білім беру сапасы көтеріледі.</p> <p>-инновациялық әдістермен жұмыс істейтін педагогтардың құзыреттілігі өседі;</p>

			<p>3.Ғылыми іс- тәжірибелік конференцияларға қатысу.</p> <p>4.Тақырыптық бақылау: «Балабақша жағдайындағы нейро ойындар әдістемесі бойынша эксперименттік алаң жұмысының сараптамасы»</p> <p>5.Ата-аналар жұмыс: «Бірге ойнаймыз-бірге үйренеміз!»</p> <p>6. Викториналар өткізу «Қызықты нейро ойындар»</p> <p>7.Эксперимент және бақылауға алынатын топтарды салыстырмалы мониторинг(бастапқы, аралық, қорытынды) жүргізу.</p> <p>8. Семинарлар өткізу «Нейро ойындар бала үшін тиімді тәсіл»</p>	<p>-қолайлы дамытушы орта толық жабдықталады.</p> <p>Ата-аналардың педагогикалық білімдері көтеріледі және тығыз байланыс жасайды.</p> <p>Балалардың ойлау қабілеті дамытылады</p> <p>Балалардың білімдері көтеріледі, білім мен дағдылардың нақты көрсеткіштері; Педагогтердің теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдылары көтеріледі</p>
3.	Енгізу	2025-2026ж	<p>1.Эксперимент жұмысы жалғастырылып, алынған нәтижелерді қорыту.</p> <p>2.Балабақшаның оқу-тәрбие үрдісіне енгізіп жүйелеу.</p> <p>3. Эксперимент алаң жұмысын қорытындылау, үш жылдық жұмыс бойынша қорытынды жасау.</p> <p>4. Эксперимент және бақылауға алынатын топтарды қорытынды мониторинг жүргізу.</p> <p>5. Қорытынды республикалық, қалалық семинарлар ұйымдастыру, іс-тәжірибемен бөлісу.</p>	<p>-Балабақшаның оқу-тәрбие үрдісіне жаңа әдістер енгізіледі;</p> <p>-Толығымен жабдықталған дамытушы орта;</p> <p>- Нейро ойындар арқылы балалардың балалардың логикалық ойлауы, танымдық процесстері (зейін, қабылдау, ойлау, есте сақтау, қиял, жады), сөйлеуі, кеңістікті бағдарлау, эмоционалдық ерік-күштері дамытылады; Балалармен жүргізілген зерттеу жұмыстары арқылы озық тәжірибе таратылады.</p>

ЭКСПЕРИМЕНТТІ ЖҮРГІЗУДІҢ ҚАЖЕТТІ ШАРТТАРЫ

- Педагогтар кадрлардың білім жетілдіру курстарына қатыстыру
- Эксперимент бойынша материалдық-техникалық база қажетті құралдармен жабдықтау;
- Перспективалық жоспардың құрылуы;
- Эксперимент жүргізуде қолданатын әдістемелер болуы;
- Экспериментке қатысатын және бақылау топтарын анықтау;
- Жыл сайын бақылау мониторингтің жүргізілуі және салыстырмалы түрде көрсетуі.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Сауалнама, бақылау, байқау, әңгімелеу, тренинг, озық педагогикалық тәжірибені зерттеу (семинар, конференция, көрме), денсаулық сақтау технологиясы, зерделеу, лепбук технологиясы кейс әдісі, форсайт әдісі.

БАҚЫЛАУ, МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ДҰРЫСТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРАЛДАРЫ

- нейро ойындар бойынша педагогтерге мониторинг жүргізу (педагогтерге арналған сауалнама);
- экспериментке қатысатын топтар бойынша диагностика жасау, нәтижелерін зерделеу және талдау;
- материалдық-техникалық қамтамасыз етудің және дидактикалық қамтамасыз етудің сәйкестік дәрежесін бағалау;
- нейро ойындар бойынша пәндік-кеңістіктік ортаны жабдықтауда инновациялық технологияны іске асыру тиімділігінің критерийі
- интернет желісінде орналастырылатын ресурстарды пайдалануды талдау;
- алынған деректерді өңдеу.

ЭКСПЕРИМЕНТ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ӘЗІРЛЕМЕЛЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы).

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына, 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен).

3. Балалар психологиясы: оқулық / Ж.Қ. Дүйсенова, Қ.Н. Нығыметова; ҚР Білім және ғылым министрлігі.- Алматы: Нур-Принт, 2015.- 333 б.

4. «Педагогика» М. Жумабаев, 1922 ж.

5. Ә.Алдабергенов «Ойнай, ойлай біл», Алматы «Рауан», 1991ж.

6. С. Ю. Танцюра, Б. М. Басангова, С. В. Мартыненко «Игровые упражнения для развития речи у неговорящих детей. Методические рекомендации»
7. «Нейротренажеры. Полезные занятия», «Проф-Пресс», 2019 ж.
8. Татьяна Кислинская: Память и мнемотехники. Веселая нейробика для детей. Феникс-2022 ж.
9. «И учеба, и игра: математика» пособие для родителей и педагогов, Ярославль «Академия развития» 1997 ж.
10. «Нейропсихология. Игры и упражнения», Праведникова И.И., 2017ж.
11. Чобану И.К. Основы психотерапевтической кинезиологии-руководство, 2012 ж.
12. Лоренс Кац, Мэннинг Рубин - Нейробика., 2014 ж.